

## Құрсай ауылының көшелері мен құрамдас бөліктеріне атау және атауларын өзгерту туралы

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Құрсай ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 13 шілдедегі № 3 шешімі. Ақтөбе облысы Қобда аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 9 тамызда № 3-7-120 тіркелді.

Ескерту. Шешімнің орыс тілдегі атауында және бүкіл мәтін бойынша "аульного", "аула" деген сөздер тиісінше "сельского", "села" деген сөздерімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Құрсай ауылдық округі әкімінің 10.12.2014 № 3 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Деректемелерінде орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Құрсай ауылдық округі әкімінің 28.02.2017 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және Құрсай ауылдық округі тұрғындары конференциясының 2011 жылғы 1 маусымдағы № 1 хаттамасы негізінде, Қобда ауданының Құрсай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Қобда ауданы Құрсай ауылдық округі әкімінің 28.02.2017 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Құрсай ауылының келесі көшелері мен тұйығына атаулар берілсін:
  - 1) Әлия Молдағұлова көшесі
  - 2) Абай Құнанбаев көшесі
  - 3) Астана тұйығы
2. Құрсай ауылының келесі тұйықтарының атауы өзгертілсін:
  - 1) Мира тұйығы – Егемен тұйығы;
  - 2) Молодежная тұйығы – Жастар тұйығы;
  - 3) Садовая тұйығы – Жеңіс тұйығы;
  - 4) Целинная тұйығы – Желтоқсан тұйығы
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округінің әкімі:*

*Т. Казиев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ